

4. Варыгина Т.Н. Содержание, методы, результаты исследовательской деятельности учащихся. – 2008.
5. Полат Е.С. Метод проектов // Метод проектов. – 2003. – С. 39.
6. Леонтович А.В. Об основных понятиях концепции развития исследовательской и проектной деятельности учащихся // Исследовательская работа школьников. – 2003. – №. 4. – С. 12 – 17.
7. Altheide D.L., Johnson J.M. Criteria for assessing interpretive validity in qualitative research. – 1994.
8. Johnson R. B., Onwuegbuzie A. J. Mixed methods research: A research paradigm whose time has come // Educational researcher. – 2004. – Т. 33. – №. 7. – С. 14 – 26.
9. Creswell J. W. A concise introduction to mixed methods research. – Sage Publications, 2014.
10. Panasan M., Nuangchalerm P. Learning Outcomes of Project – Based and Inquiry – Based Learning Activities / /Online Submission. – 2010. – Т. 6. – №. 2. – С. 252 – 255.
11. Johnson R. B., Onwuegbuzie A. J. Mixed methods research: A research paradigm whose time has come // Educational researcher. – 2004. – Т. 33. – №. 7. – С. 14 – 26.
12. Интегрированная образовательная программа Учебная программа по предмету «Математика» Основная школа (6 – 10 классы) (Для реализации учебного процесса в 7 – 9 классах в 2017 – 2018 учебном году), учебная программа по предмету «Биология» Основная школа 7–10 классы Для реализации учебного процесса в 7 – 9 классах в 2017 – 2018 уч. году
13. Положение о проведении республиканского конкурса исследовательских работ и творческих проектов учащихся 1 – 7 классов «Зерде» daryn.kz/files/blogs/Polozhenie_ZERDE_rus.doc

ӘОЖ 378.147

ЖОҒАРҒЫ ОҚУ ОРЫНДАРЫНЫҢ СТУДЕНТТЕРІНЕ ТИІМДІ ОҚЫТУ ӘДІСТЕРІНІҢ ҰТЫМДЫЛЫҒЫ

Бекмурзина А.Б.

*(ст.преподаватель, кафедра педагогики и психологии, СКГУ им. М. Козыбаева,
г. Петропавловск, ainur_tb81@mail.ru)*

Маханбетова А.Ж.

*(преподаватель, кафедра педагогики и психологии, СКГУ им. М. Козыбаева,
г. Петропавловск, aigerim8808@mail.ru)*

Малибаева А.М.

*(преподаватель, кафедра педагогики и психологии, СКГУ им. М. Козыбаева,
г. Петропавловск, albina26@bk.ru)*

Аңдатпа

Қоғамның даму жағдайында ерекше ойлайтын, шығармашылық тұлғаларға қажеттіліктер артуда. Қазіргі заманғы талаптарға сай мамандарды дәстүрлі даярлауда қалыптасқан білім, білік, дағдылар пәндік деңгейде қалып отыр. Білім беру жүйесі оқу пәндерінің аясын ғана емес, іс – әрекетімен жаңашыл ойлай алатын студенттерді даярлау барысымен қатар ұштасуы шарт. Қазіргі кезеңде жоғарғы оқу орнында білім берудің жаңашылдық бағытына сай, студенттердің құндылық бағдарын тереңдетіп, жаңа технологияларды меңгертіп, шығармашылық дербестігін қалыптастыру – ЖОО – ның басты мақсаты.

Түйінді сөздер: құзыреттілік, тиімді әдістер, сыни тұрғыдан ойлау, ақпаратты – коммуникативті технология.

Аннотация

Потребности творческих личностей растут в развитии общества. Знания, навыки и навыки, имеющиеся в традиционной подготовке специалистов, отвечающих современным требованиям, остаются на уровне предмета. Система образования должна сочетать не только сферу охвата субъекта, но и процесс обучения студентов, которые могут мыслить инновационно. В настоящее время основной целью Университета является развитие творческой самостоятельности студентов в соответствии с инновационным направлением образования, углубление ценностных ориентаций студентов, изучение новых технологий.

Ключевые слова: компетентность, эффективные методы, критериальное мышление, информационно – коммуникативные технологии.

Annotation

The needs of creative individuals grow in the development of society. The knowledge, skills and skills available in the traditional training of specialists that meet modern requirements remain at the level of the subject. The education system should combine not only the scope of the subject, but also the process of training students who can think innovatively. Currently, the main goal of the University is the development of creative independence of students in accordance with the innovative direction of education, deepening the value orientations of students, the study of new technologies.

Key words: competence, effective methods, criterial thinking, information and communication technologies.

Кіріспе

Қоғамның даму жағдайында ерекше ойлайтын, шығармашылық тұлғаларға қажеттіліктер артуда. Қазіргі заманғы талаптарға сай мамандарды дәстүрлі даярлауда қалыптасқан білім, білік, дағдылар пәндік деңгейде қалып отыр. Білім беру жүйесі оқу пәндерінің аясын ғана емес, іс – әрекетімен жаңашыл ойлай алатын студенттерді даярлау барысымен қатар ұштасуы шарт. Қазіргі кезеңде жоғарғы оқу орнында білім берудің жаңашылдық бағытына сай, студенттердің құндылық бағдарын тереңдетіп, жаңа технологияларды меңгертіп, шығармашылық дербестігін қалыптастыру – ЖОО – ның басты мақсаты. Өйткені қай елдің болмасын өсіп – өркендеуі, әлемдік ортада алдыңғы шептен орын алуы оның ұлттық білім беру жүйесінің жаңа сипаты – жаңа оқыту технологияларын, оқу ақпараттарын ұтымды қолдану, шығармашылық оқыту түрлерін кеңінен пайдаланумен тығыз байланысты. Оны елбасымыз Н.Назарбаевтың «Қазақстанның болашағы – қоғамның идеялық бірлігінде» атты еңбегінде: «...Бұл орайда шынайы нарықтық экономика, оның құндылықтарын насихаттауды ғана емес, қажетті тұтқаларымен дағдыларын игеруде де талап ететіні түсінуі керек. Қазақстанда мұндай тәсілдерді меңгерген мамандарды ауқымды түрде даярлауды жүзеге асыру қажет» – деп, мамандар даярлау мәселесін көтереді.

Олай болса, білім беру бағдарламасының негізгі мақсаты – білім мазмұнының жаңаруымен қатар, тиімді оқыту жүйесін енгізу және оқытудың әдіс – тәсілдері мен әртүрлі құралдарын қолданудың тиімділігін арттыру [1]. Жаңартылған білім жүйесі студенттердің құзыреттілігіне және оқу сапасына бағытталған бағдарлама. Жаңартылған білім берудің маңыздылығы – студент тұлғасының үйлесімді қолайлы білім беру ортасын құра отырып, сын тұрғысынан ойлау, зерттеу жұмыстарын жүргізу, тәжірибеде қолдана білу, ақпаратты – коммуникативті технология қолдану, қарым-қатынас орната алуға, жеке, жұппен, топта жұмыс жасай білу, функционалды сауаттылықты, шығармашылықты қолдана білуді және оны тиімді жүзеге асыру үшін қажетті тиімді оқыту әдіс – тәсілдерді (бірлескен оқу, модельдеу, бағалау жүйесі, бағалаудың тиімді стратегиялары) қолдану болып табылады [2].

Студенттерді оқытудың жаңа формалары мен әдістерін қарқынды іздеу және енгізу жүргізілуде. Осыған байланысты педагогтың өз алдына қойған негізгі міндеттерінің бірі мыналар болып табылады: ақпараттық құралдардың көмегімен оқыту; пән бойынша студенттердің қызығушылығын арттыру; күнделікті өмір тәжірибесіне оқу үрдісін өзара байланыстыру, өмірдегі кез – келген жағдайларға жылдам бейімделу.


Осылайша, сапалы жаңа білім беру жүйесінің негізгі міндеті студенттердің пән бойынша тұрақты қызығушылығын қамтамасыз ету, сондай – ақ ғылыми ізденістерге

тарту болып табылады. Болашақ мамандығын оқыту және игерту үшін, студенттерді ең алдымен психологиялық тұрғыдан ішкі жан – дүниесін дұрыс бағыттау білу керек. Болашақ маман ретінде студент әлеуметтік және кәсіби дағдыларды меңгеруді түсінуі керек және оларды іс жүзінде қолдана білуге қабілетті болады. Педагогтың алдына қойылған міндеттерін шешуге көмектесетін жаңашыл әдістер мен оқыту технологиялары: шығармашылық және сын тұрғысынан ойлау; қарым–қатынас жасау қызметі; өзгелердің мәдениетін және көзқарастарына құрметпен қарау; жауапкершілік; білімді шығармашылық тұрғыда қолдана білу қабілеті; жағдаяттарды шешу қабілеті; ғылыми – зерттеу дағдылары; жеке және топпен жұмыс істей білу қабілеті; ақпаратты – коммуникативті технология саласындағы дағдылар жатады.

Студенттердің қызығушылығын арттыруға сәйкес, педагог тиімді оқыту формасын таңдайды. Болашақ маманның жеке қасиеттерін қалыптастыруда тиімді оқыту әдістері маңызды рөл атқарады. Бұл әдістер студенттерге жаңа білім алудың белсенді жолдарын үйретуге, әлеуметтік белсенділіктің жоғары деңгейін меңгеруге, сонымен қатар студенттердің шығармашылық қабілеттерін ынталандыруға және оны өмірлік тәжірибеге қолдануға мүмкіндік береді. Білім беруді дамытудың жаңа қағидаларын түсіну және қажетті құзырлықтарды білгенде ғана студенттер оқытудың тиімді әдістерін дұрыс пайдалана алады. Осының негізінде әрбір білім алушы өздерінің идеяларын ұсынып, шығармашылық жұмыс жасау мүмкіндігіне ие бола алады. Білім беру жүйесіндегі инновациялық технологияларды қолданудың өзектілігі оқу процесінің тиімділігі мен тиімділігіне сұраныстың артуымен байланысты [3].

Сондықтанда қазіргі тиімді оқыту әдістері – білімді, іскерлікті және дағдыларды беру емес, сонымен қатар жеке нәтиже ретінде студенттің және болашақ азаматтың белсенді ұстанымын қалыптастыру болып табылады [4].

Білім беру кезінде студенттердің ізденуі мен зерттеу дағдыларын қалыптастыра отырып, пәнге деген қызығушылықтарын арттыру мақсатында қолданылатын технологиялар өте көп. Солардың бірі «Сыни тұрғыдан ойлау технологиясы».



Сурет 1 Білім беру кезінде студенттердің ізденуі мен зерттеу дағдыларын қалыптастыруда қолданылатын «Сыни тұрғыдан ойлау технологиясы»

Әрбір білім алушылар үшін білім алу үрдісі мен нәтижесі басты мәселе болып табылады және ол өз кезегінде студентке мәселені өз бетімен шешуге жағдай жасайды.

Зерттеу нәтижесі

Бұл оқытудың тиімді әдісі Жоғары оқу орындарындағы «Білім» мамандықтары 1 – 4 курс студенттеріне қолдануға бағытталған.

Қорытынды

Қорытындылай келе, Жоғары оқу орындарында студенттерге тиімді оқытудың әдістерін үйрету үшін, педагог студенттермен жұмыс істеуде жаңашыл әдістерді ұтымды пайдалану негізінде толыққанды дағдылар мен білімге ие болуы керек. Бұл өз кезеңінде, студенттермен жұмыс істеу үшін педагогтың сыни тұрғыдан ойлауын, ойлау қабілетін дамытуын, білімді шығармашылық тұрғыда қолдана білу қабілетін, ғылыми – зерттеу дағдыларын, жеке және топпен жұмыс істей білу қабілетін жетілдіре түседі.

Әдебиет:

1. Бутенко А.В. Критическое мышление. – М., 2002.
2. Мирсеитова С. Сыни тұрғыдан ойлау технологиясы, – А., 2014.
3. Оракова А.Ш., Корнилова Т.Б., Жартынова Ж.А., Касымова А.А. Коуч – мұғалімінің жұмыс кітабы. Алматы, 2017.
4. Яковлев В.В. Метод проектов как способов реализации компетентностного подхода в современном учебно – воспитательном процессе // Образование в современной школе – 2008, – 1, – б. 15 – 22.

УДК 378.4

ПОДГОТОВКА БУДУЩИХ ПЕДАГОГОВ ДОШКОЛЬНОГО ОБРАЗОВАНИЯ К ПАТРИОТИЧЕСКОМУ ВОСПИТАНИЮ ДЕТЕЙ

Белоусова С.С.

*(ассистент кафедры педагогики и психологии детства ФГБОУ ВО УрГПУ,
Екатеринбург, Россия)*

Аңдатпа

Мақалада болашақтағы мектепке дейінгі білім беру оқытушыларының балабақшадағы балаларды патриоттық тәрбиелеуге ерекше дайындау қарастырылады.

Түйінді сөздер: мектепке дейінгі білім беру, патриоттық тәрбие, мектепке дейінгі білім беру оқытушыларының дайындығы.

Аннотация

В статье рассматриваются особенности подготовки будущих педагогов дошкольного образования к патриотическому воспитанию детей в детском саду.

Ключевые слова: дошкольное образование, патриотическое воспитание, подготовка педагогов дошкольного образования.

Annotation

The article considers the peculiarities of preparing future teachers of preschool education for patriotic education of children in kindergarten.

Key words: preschool education, patriotic education, training of teachers of preschool education.